

6. 4.Сулейменова Г.Ж. Опыт функционирования суда с участием присяжных заседателей в Республики Казахстан.// Заңгер. - №6 (107) - 2010. – Б. 21-28.

7. 5.Аюпова З.К., Құсайынов Д.У. Қазақстан Республикасының Сот жүйесін реформалаудың Конституциялық негіздері // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының хабаршысы. Серия общественных и гуманитарных наук – 2015. - №5. – Б. 66-74

ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН БОСАТЫЛҒАНДАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Машабаев А.Ж., з.ғ.к., доцент, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі
Темірқұлов М.А., заң факультетінің магистранты, Академик. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Соңғы жылдары заң әдебиеттерінде, сонымен қатар, бұқаралық ақпараттар құралдарындағы жариялымдарда бас бостандығының айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік бейімдеу әселесін заңмен реттеу жөнінде ұсыныстар табандылықпен жиі айтылып жүр.

Сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу проблемасын қайталанба қылмыстармен күресу бағытының бірі ретінде қарау тиіс шынында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және әлеуметтік көмек ала алдымен қаңғыбастықтың, үйсіздердің себебі бола тұра, сонымен бірге, олар бостандық өмірге бейімделе алмай қайтадан құқық бұзу мен қылмыстық жағдайды өршіте түсуде.

Әлеуметтік бейімдеу деп, жеке адамның әлеуметтік ортаға икемделуін оның әдет - ғұрып осы ортаға тән нормаларын әлеуметтік көзқарастарын нұсқауларын ұғып алуды бас бостандығынан айыруды өтеген адамға еркін қоғамда тұратын азаматтардың мінез құлықтарын әдеттерін үйренуін айтады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшілігі қылмыстық жазаны өтеу процесінде сотталғандарды түзеудің негізгі амалдарын қолдана отырып соттағандарды еркін өмірде тұруға психологиялық өнегелілікке дайындау мақсатында көптеген шаралар қолданады, құқыққа оқытуда кіреді [1, 35]. Бұл сотталғанның босатылғаннан кейінгі өмірді құруға ақылмен қарауға бағытталған жұмыстың ойланып істеген бір түйінді кезеңі деп ойлаймыз. Сондықтан тәрбиелеу жұмысы кезінде сотталғанмен маңызды тақырыптарға яғни отбасында ұжымда қоғамдағы базарлық қатынастар кезінде өнегелілік іскерлік көрсету тұрмыста кездесетін және онда мінезге қойылатын талаптар туралы әңгімелер жүргізіледі.

Бұл жұмысты жүргізгенде ол адамдардың бейімделуіне табиғи қиындата түсетін кейбір объективті жағдайлар бар. Бас бостандығынан айыру сотталғандарға да қоғамға да көптеген әлеуметтік қиындықтар қалдырады.

Оның зардабының бірі - ол отбасымен ағайын туыстарымен таныстармен бұрын жұмыс жасаған ұжыммен сияқты көптеген әлеуметтік пайдалы байланыстарының үзілуі. Осындай үзілістердің зардабын жеңілдету мақсатында заңмен әр түрлі алдын ала көзделген сотталғандар посылка сәлемдемелер алады кезесе алады хат жазысып тұрады. Әрине бұл шаралар тұрақты кездесіп тұруды ауыстыра алмайды. Қылмыстық – атқару кодексінде жеңілдіктер түрі едәуір кеңейтілген.[2, 206]

Кейде бір рет сотталғанмен ал бірнеше немесе әдейі саналы түрде қылмыс істеген қауіпті қылмыскер болуы мүмкін, ал басқа бір сотталған адам екінші рет сотталғанмен ол қылмысты күтпеген жағдайға байланысты жасаған адам болуы мүмкін. Екіншіге қарағанда бірінші жаза өтеп жүрген басқаларға кері әсерін күштірек тигізуі мүмкін.

Бейімделуді ауырлататын екінші қиындық-ол сотталғандар көптеген жағдайда өмір дағдысынан айырылады өз бетімен шешім қабылдамайды барлық күн тәртібін мекеме әкімшілігі белгілейді өз қаржысын жұмсауды жоспарлай алмайды олардың қолында ақша жоқ қалалық көлікпен жүрмейді күнделікті өмірде басқа азаматтар сияқты өзін баспанамен киіммен азық-түлікпен қамтамасыз етуді ойламайды. Олар өз бетімен шешім қабылдаудан безінеді яғни бостандықта өмір сүруге бейімделмеген пассив болады.

Сотталғандардың көпшілігі жабық түрдегі колониялардан жалпы күшейтілген қатаң және айрықша режимдегі және де түрмеден тікелей босатылады.

Бейімделудің қиындала түсуіне босатылғанның бостандыққа шыққан күнінен бастап қабылдауға кездесу әсер етеді. Бұл жағдай әсіресе колонияда дайындалмағандарға ерекше әсер етеді.

Босатылғаннан кейін ұйымдардың кәсіпорындарының меншік түріне қарамастан кейбір лауазымды адамдардың оларға сенбегендігінен жұмысқа алмауы сияқты проблемалар пайда болуы мүмкін. Одан басқа мұндай адамдар әсіресе кәмелетке толмағандар әлеуметтік қоршаудың кері әсеріне бейім тұрады. Сондықтан кәмелетке толмағандар бостандық өмірде тұрмысын жөнге салудағы және жаңа әлеуметтік рөлін игеруде көмекке өте мұқтаж болады.

1963 жылы жартылай бас бостандық режимі орнатылған қоныстану колониялары құрылған болатын. Ондағы режим сотталғандарды бостандық өмірдегі жағдайға жақындатуға бағытталған. Бірақ бұл кезенді мінезі оңға басқан түзелу жолына әбден түскен сотталғандар өтеді. Әйтсе де мінез-құлқын босатуға біртіндеп бейімдеу жеңілдеу болар енді.

Бұл жөнінде шымкенттіктердің сотталғандарды бостандық жағдайға әлеуметтік бейімдеудегі тәжірибесі көңіл аударарлық.

Тәжірибенің жағдайына байланысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны сотталғандар кезең-кезеңмен өтейді.

Жазаны қатаң талаптағы режимнен бастап олардың жақсы мінезіне байланысты осалдатып ақырында түзеу мекемесі әкімшілігінің бақылауымен тіпті қылмыстан босатуға дейтін апарады. Бұл жазаны өтеп жатқан жерде сотталғандардың мінез-құлықтарын адал ниетпен түзеуге құштарлығын шын мәнінде талаптандыру. Тәжірибе сотталғандардың туыскандарымен әлеуметтік қарым-қатынастарын пайдалы түрде кеңітуді босағаннан кейін оны одан әрі кеңіте түсу мақсатын көздейді.

Жазадан босатылғандардың әлеуметтік бейімделу проблемаларын шешуде ішкі істер органдары ғана емес сонымен бірге қоғамда және бүтіндей мемлекетте құштарлық білдіруі тиіс.

Жазаны өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек көрсету

Жазадан босатылатын адамдарды тамақпен киімменаяқ-киіммен қамтамасыз етудібір жолғы ақшалай жәрдемақы беруді, сондай-ақ, жолына ақы төлеуді жазаны атқарушы мекеме жүзеге асырады.

Айтылған тәжірибе дұрыс қорытындысын берді Оңтүстік Қазақстан облысында тәртіп белгілі бір дәрежеде жақсарды режим бұзушылық бір жарым есе төмендеді Әлеуметтік ақтау Орталығында бірсыпыра сотталғандар отбасымен жойылған байланыстарын қалпына келтірді 30-дан астамы үйленді үшеуі жоғарғы оқу орнына және техникумге оқуға қайта алынды Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Психолог ҒОБ-ның сотталғандармен жүргізген сұрағының қорытындысы сұралғандардың 90 пайызы осындай орталық құрудың сотталғандар үшін де тіпті қылмыстық атқару жүйесін жақсарту үшін де пайдалылығын көрсетті.

Сотталғандарды жазаны өтеуден босату үшін оларды алдын ала дайындайды. Сотталғандарды босатуға дайындау – құқық бұзушыларды түзету жөніндегі түзеу мекемелерінің іс әрекетіндегі ең бір маңызды кезеңі. Оған оларды алдын ала жұмысқа орналастыру бостандықтағы өмір жағдайына тез үйрену мәселелері кіреді. Босатуға дайындық мерзімі аяқталудан 3 ай бұрын басталады. Әрбір сотталғанмен жеке әңгіме жүргізіледі онда босағаннан кейін шамамен оның тұратын жері белгіленеді, жергілікті үкімет органдарының көмек көрсету тәртібі түсіндіріледі.

Кешірім жасау рақымшылық ету негіздерінде шартты түрде мерзімінен бұрын шартты түрде немесе бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімін едәуір жеңілдетілген жазамен ауыстырғанда да рәсім салтанатты болуы тиіс. Осы мақсатта сотталғандарды мерзімінен бұрын босатуға арналған жиналыс өткізілуі тиіс[3]

Шартты-мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағымен ауыстыру қолданылуы мүмкін сотталушы жөнінде жазаны атқарушы мекеме немесе орган Қазақстан Республикасының қылмыстық ісжүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа сотталушыны жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы не жазасының өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру туралы ұсыныс енгізеді.

Кешірім жасауға ұсынылатын сотталушы жөнінде жазаны атқарушы мекеме немесе орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті өтініш енгізеді.

Жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру және кешірім жасау туралы ұсыныста сотталушының жеке басын сипаттайтын деректер сондай-ақ оның мінез-құлқы жазасын өтеу кезіндегі еңбек пен оқуға көзқарасы баяндалуға тиіс.[4, 70]

Сотталушы заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігі жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату не одан

бас тарту жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстыру туралы мәселені бір ай мерзімде қарауға және қаулы шығаруға міндетті.

Сот шартты-мерзімінен бұрын босатудан, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстырудан бас тартқан жағдайда, осы негіздердің кез келгені бойынша қайта ұсыныс енгізу - бас тарту туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап алты айдан ерте орын алмауы керек.

Шартты-мерзімінен бұрын босатылғандар, сондай-ақ бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандар егер олар заңда көзделген жағдайларда түзеу мекемелеріне жіберілген болса жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағына ауыстыруды шартты-мерзімінен бұрын босатудан бас тарту туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап ерте дегенде бір жыл өткен соң ғана болады.[4, 72]

Жазасын өтеуден босатылатын адамдар өздері таңдаған тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына дейінтегін жол жүрумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының шегінде жол жүргенде тамақ өнімдерімен не ақшамен қамтамасыз етіледі. Мекемеден босатылатын адамның маусым бойынша қажетті киімі аяқкиімі және оларды сатып алуға қаражаты болмаған жағдайда ол бюджет қаражаты есебінен киіммен және аяқкиіммен қамтамасыз етіледі.

Жазадан босатылатын адамдарды тамақпен, киіммен, аяқ-киіммен қамтамасыз етуді сондай-ақ жол жүруіне ақы төлеуді жазаны орындайтын мекеме жүргізеді бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босату кезінде мекеменің әкімшілігі олардың жұбайын зайыбын туыстарын не сотталған адамның өтінішінде көрсетілген өзге де адамдарды алты ай бұрын хабардар етеді. Мекемелерден босатылатын денсаулық жағдайына байланысты ұдайы күтімге мұқтаж адамдар сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар тұрғылықты жеріне жұбайының, зайыбының туыстарының немесе оларды алып кетуге келген өзге де адамдардың не мекеме қызметкерінің еріп жүруімен жіберіледі қайта ұсынуға болады.

Сотталғандарды күзету мен оқшаулауды оларды үнемі қадағалауды оларға жүктелген міндеттердің орындалуын олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің іске асырылуын сотталғандар мен персоналдың қауіпсіздігін сотталғандардың белгілі бір санаттарын бөлек ұстауды мекеме түріне қарай әртүрлі ұстау жағдайларын жазаны өтеу жағдайларын өзгертуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген жазаны орындау және өтеу тәртібі мекемелерде жазаны өтеу режимі болып табылады.

Жазаны өтеу режимі жазаны орындау мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды. Мекемелерде мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидалары қолданылады. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда барлық мекемелерде сотталғандар үлгісін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын белгіленген нысандағы киімді киеді. Сотталғандардың өзімен бірге алып жүруіне рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесі мен саны мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленеді. Сотталғандарға мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген ақша мен бағалы қағаздарды сондай-ақ өзге де нәрселерді құжаттарды заттарды бұйымдарды зат тектерді тамақ өнімдерін сақтауға және пайдалануға тыйым салынады. Мұндайлар табылған жағдайда оларды мекеме әкімшілігі алып қояды. Сотталғандар заңда белгіленген тәртіппен иемденген ақшаны бағалы қағаздарды сондай-ақ нәрселерді құжаттарды заттарды бұйымдарды зат тектер мен тамақ өнімдерін сақтауды мекеме әкімшілігі қамтамасыз етеді.

Мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасын сондай-ақ оны пайдалану режимін оның әкімшілігімен келісу бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың астананың жергілікті атқарушы органдары белгілейді. Байланыс операторлары мен желілерді иеленушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен радиосигналды бұғаттау не абоненттік құрылғыларды санкциясыз пайдалануды анықтау және немесе оның жол кесу үшін арнаулы техникалық жабдықты мекеме аумағына орнату кезінде ішкі істер органдарына консультациялық техникалық жәрдемдесуді мекемелер аумағында радиосигналдың таралуын азайту мақсатында уақтылы ден қоюды және шаралар қолдануды қоса алғанда меншікті байланыс желілерін оңтайландыруды қамтамасыз етуге міндетті. Жазаны өтеу режимін сақтауды және құқықтық тәртіпті ұстап тұруды қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен олардың иелігіндегі күштер мен құралдар қамтамасыз етеді [5, 98].

Қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Төкебаев З.С. Қазақстан Республикасының Қылмыстық- атқару құқығы; оққ құралы (Лекциялар курсы). – Алматы: Білім, 2004. -174 б.
1. 2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К» 2012.- 86 б.
2. 3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.- Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2014. – 236 б.
3. 4. Әпенев С. М. Қылмыстық атқару құқығы. Оқу құралы - Алматы: ҚазМЗА, 2001. – 215 б.
4. 5 Борчашвили И.Ш., Токубаев З.С. Уголовно-исполнительное право РК: Учебное пособие для вузов.- Караганды: Изд-во КарЮИ МВД РК, 2008. - 220 с.

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ФИНАНСОВО-- ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОСНОВ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ

Рысмендеев Б.Дж., д.ю.н., доцент, заведующий кафедрой конституционного и муниципального права Кыргызской государственной юридической академии при Правительстве Кыргызской Республики

В Национальной стратегии устойчивого развития Кыргызской Республики на период 2013–2017 годы, утвержденной Указом Президента КР от 21 января 2013 г. №11 отмечается, в частности, что одной из важнейших задач, подлежащей решению в процессе создания правового государства, является развитие местного самоуправления. Однако приходится констатировать, что за время реформ оно развивалось недостаточно последовательно, успешно и быстро. Наряду с определенными успехами, достигнутыми главным образом в сфере децентрализации системы государственного управления и передачей власти и полномочий местному самоуправлению, в Кыргызстане, тем не менее, наблюдались периоды определенного застоя и даже некоторого отката назад [1].

Формирование же правовой базы местного самоуправления за прошедший период также происходило с определенными издержками и противоречиями. Данный процесс носил в целом бессистемный характер, и по этой причине правовая база местного самоуправления периодически входила в противоречие с отраслевым законодательством. Более чем двадцатилетний опыт деятельности местного самоуправления в Кыргызстане, сопровождавшейся формированием его правовой базы, разработкой и уточнением определенных концептуальных положений и подходов к организации муниципальной власти, в целом привели к созданию института, наиболее тесным образом связанного с населением, дееспособного и обладающего определенными рабочими параметрами. С другой стороны, как показывает пусть скромный, но уже реальный опыт, существует целый ряд достаточно серьезных проблем, обусловленных главным образом недостаточным соответствием существующих организационных форм и практики местного самоуправления определенным конституционным принципам, которые были заложены законодателем в основу рассматриваемой нами сферы общественных отношений. Речь идет о недостаточной полноте и четкости, допущенных в определении компетенции органов государственного власти и местного самоуправления, некотором несоответствии ресурсной базы местного самоуправления исполняемым им обязанностям, недоработанности механизма взаимодействия органов государственной власти с органами местного самоуправления.

В предшествующих разделах нашего исследования мы указывали на некоторые причины и факторы, негативным образом сказывающимся на состоянии и развитии ресурсного обеспечения деятельности местного самоуправления в общественной сфере, а также организации служб и предприятий, деятельность которых направлена на удовлетворение повседневных потребностей населения.

Имея в виду предмет и характер данного исследования, а также то обстоятельство, что социальная сфера на сегодняшний день является одним из основных направлений государственной политики, следует остановиться на проблемах здравоохранения, образования, оказания поддержки населения, обеспечения функционирования жилищно-коммунального хозяйства.